

Дүниежүзілік соғыстың кейін АҚШ тың алғашқы жылдары



- АҚШ-тың сыртқы саясаты. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін АҚШ саяси-экономикалық дамуы жағынан капиталистік елдер арасында алдыңғы елге айналды. Бұл мемлекет 1948 жылы капиталистік елдерде өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің 54,6 %-ын өндірсе, алтын қорының 53,3 %-ы АҚШ-тың қолында болды. 1949 жылға дейін дүние жүзінде атом бомбасы бар жалғыз ел Америка болды. Сөйтіп, АҚШ әлемнің қамқоршысына айналды.



- Дүние жүзіндегі ең ірі капиталистік мемлекетке айналып, өз ықпалын шексіз жүргізуге жол ашылды. Бірақ, бұл саясатын жүзеге асыруға кедергі жасай алатын бірден-бір ел КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) болды. Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен, майданның негізгі ауыртпалығын көтерген КСРО соғыстан кейін ең қуатты елге айналды. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін фашизм езгісінен азат етіп, бұл елдерде халықтық-демократиялық революцияның барысында социалистік қоғам орнатты. Дүниежүзілік социалистік жүйе құрылып, оған КСРО өз өктемдігін жүргізіп, халықтық-демократиялық қоғам қалыптасты.



C 62914304 D
WASHINGTON, D.C.

C 62914302 D

UNITED STATES OF AMERICA
ONE HUNDRED DOLLARS



938 M



3

□ КСРО халықаралық қатынаста социалистік жүйені қорғап, дүние жүзінде өзінің ықпалын күшейту үшін АҚШ-қа қарсы күресін үдете түсті. Сөйтіп, соғыстан кейін екі жүйенің басшысы болған АҚШ пен КСРО арасында қарама-қайшылық тереңдей түсті. Әлемде бір бірі-не қарама-қарсы екі полюсті саясат қалыптасты. АҚШ-тың сыртқы саясаты КСРО-ға қарсы құрылды. Бұл халықаралық қатынастар тарихында «қырғи-қабак» соғыс саясаты деп аталды. «Қырғи-қабак» соғыс саясатының мәні антикоммунистік және антисоциалистік болды. КСРО-ға қарсы құрылған саясатты жүзеге асыру үшін АҚШ өзінің стратегиялық жоспарын жасады. Бұл саясат 1946 жылы наурыз айында басталды. Черчилль АҚШ-қа сапарын кезінде Миссуридің Фултон қаласында сөйлеген сөзінде КСРО-ның Еуропаны екіге бөліп, “темір қақпа” саясатын орнатқанын, сондықтан Батыс Еуропадағы демократияны сақтап қалу үшін “коммунизмге”



- 1947 жылы АҚШ сыртқы саясатта өзінің негізгі бағытын жасады. КСРО және социалистік елдерді әлсірету үшін “тежеу”, “күш көрсету” саясатын жүргізу қажеттігін белгіледі. Атом бомбасы негізгі шоқпары болды. АҚШ президенті Трумэн соғыстан кейін “Греция мен Түркияны “коммунистік қауіптен” арашалау үшін демократияны сақтап , “еркін әлемді” қорғау үшін барлық күш-қуатты аямауымыз керек” деді. “Трумэн доктринасы” АҚШ-тың сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болды.



- АҚШ-тың сыртқы саясатын шын мәнінде жүзеге асыру үшін Батыс Еуропа елдерін өзінің одақтасына айналдыру саясатын іс жүзіне асыра отырып, бұл елдерге экономикалық-ақша көмегін көрсету бағытында Маршал жоспары қабылданды. Маршал жоспары арқылы бұл елдерді ақшаға кіріптар ету саясаты жүргізілді. Бұл жоспарды социалистік мемлекеттердің қайталауына болатын еді, бірақ Сталин өз ықпалындағы елдерге көмекті аямау керектігін көрсетті. Сталиннің саясаты капиталистік елдерге тәуелді болмау еді.

- Маршал жоспары 1948 – 1952 жылдарға арналып, АҚШ-тан 17 миллиард доллар көмек алуға тура келді. Бұл саясатын АҚШ көршілес Латын Америкасына да ұсынды. 1947 жылы РИО-де-Жанейро қаласында келісімге қол қойылды. Сөйтіп, соғыстан кейін АҚШ әлемде әскери-саяси одақ құруға тырысты. АҚШ Үкіметі Батыс Еуропадағы капиталистік елдерді өзінің одақтастарына айналдырып, КСРО және социалистік елдерге қарсы тұру үшін жаңадан әскери одаққа біріктіре бастады. 1949 жылы сәуір айында Вашингтонда Батыс Еуропа елдерімен бірігіп, Солтүстік Атлантикалық альянс ұйымы — НАТО-ны құрды. Бұл ұйымның мақсаты “демократиялық әлемді” КСРО ықпалынан құтқару болды. Алғаш қ ұрылғанда 12 ел мүше болды. 1955 жылы Батыс Германия — ГФР (Герман Федеративтік Республикасы) кірлі.



- Соғыстан кейінгі АҚШ-тың “қырғи-қабақ” соғыс саясатының барысында алғаш рет КСРО мен АҚШ Корей түбегіндегі соғыста бір біріне қарсы тұрды. Корей-американ соғысы екі таптық жүйенің әскери тұрғыдан бірінші рет бетпе-бет келуі болды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыста одақтас болған қос елдің арасындағы “балдай татулық” ұзаққа барған жоқ.

□ 1948 жылғы президенттік сайлау. Сайлау қарсаңында АҚШ-та саяси текетірес кең етек алды. Республикалық партиядан президент-тік сайлауға Т. Дьюй өз кандидатурасын ұсынды. Демократиялық партия Г. Трумэннің кандидатурасын қалдырды. Сайлау науқаны кезінде республикалық партия елде неоконсерватизм бағытын ұстанып, Трумэннің либералдық ішкі саясатын сынау арқылы өз үгіт-насихаттарын жүргізді. Екі партиялық жүйедегі дағдарысты пайдаланып, демократтар партиясынан бөлініп, Г. Уоллес өз алдына үшінші партия құрды. Жаңадан құрылған прогрессивтік партия Трумэннің агрессиялық сыртқы саясатын сынап, КСРО -мен қарым-қатынасты реттеуді, ал ішкі саясатта жаңа либералдық реформалар жүргізуді, Тафта-Хартли заңын жоюды талап етті. Жаңа демократтардың қимыл-қозғалысы кең етек алды. Негр халқының азаматтық құқықтарын қорғау қозғалысын қолдап, прогрессивтік партия демократиялық партия арасына жік салды, Трумэннің сайлауда жеңіп шығу мүмкіндігіне қауіп туғызды. Сайлаушылар демократиялық партияның сайлау қарсаңындағы Трумэннің “әділетті бағыт” бағдарламасын, АҚШ Үкіметінің “қырғи-қабак” соғыс саясатын және ішкі реакциялық күштер — “антикоммунистік” күштерді қолдады.



- Маккартизм. Соғыстан кейін АҚШ-тың ішкі дамуы оңшыл топтардың күшеюіне әкелді. Республикалық партия президенттік сай-лаудан кейін Трумэннің “әділетті бағыт” саясатына қарсы күресін өрістетті. Елдегі реакциялық топтар демократиялық партияның саясатын әшкерелеп отырды. 1948 – 1949 жылдары АҚШ-та экономикалық дағдарыс басталып, халық арасында сенімсіздік күшейе түсті. Ішкі саясаттағы тұрақсыздық Америка қоғамын “коммунизм қаупінен” қорғануға топтастырды. АҚШ-тың ішкі оңшыл топтары сыртқы саясаттағы әлсіздікті сылтау етіп, КСРО-ға қарсы “қырғи-қабак” соғыс саясатын батыл жүргізуге шақырды. 1945 – 1949 жылдары социалистік жүйе елдерінде халықтық-демократиялық революция жеңіске жетіп, социализм негізі қалана бастады. КСРО-ның Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде беделі өсті. 1949 жылы Герман Демократиялық Республикасы және Қытай Халық Республикасы құрылып, коммунистік қоғамның дүниежүзілік жүйесі бұрынғыдан да күшейе түсті. 1949 жылы 30 тамызда Қазақстандағы Семей полигонында КСРО тұңғыш рет атом бомбасын сынады. Сөйтіп, АҚШ бұдан былай атом бомбасы арқылы дүние жүзіне қауіп төндіре алмайтын болды. АҚШ пен КСРО елдері атом державасына айналды. АҚШ-тың “қырғи-қабак” соғыс саясатындағы күш көрсету сипатындағы жеке өктемдігі жойылды. АҚШ өзінің саясатын жалғастыра отырып, әлемдегі демократиялық дамуды “коммунизм қаупінен” қорғаушы ретінде күресіп, жаңа өзгерістерге икемделген саясат жүргізді.



HOLLYWOOD

Alva H. Bessie
Herbert Biberman
Lester Cole

Соңы

